



Марапат



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРДЫҢ БЕЛЕСІ

Өткен жұма күні бір топ жасқа «Ақберен» жастар сыйлығы табысталды. Аталған марапат әр салада еңбек етіп жүрген жігіттер мен қыздарды қамтыды.

Жиында облыс әкімі Асхат Шахаров дарынды жастарды қолдау маңызды міндет екенін айтып, олардың аймақтың дамуына қосып жатқан үлесін жоғары бағалады.

— Бүгін біз Ақтөбенің жарқын да жігерлі жас буынын бір арнаға тоғыстырған ерекше шарада бас қосып отырмыз. «Ақберен» жастар сыйлығы жыл бойы талмай еңбектеніп, білімде, өнерде, спортта, қоғамдық өмірде және өлонтерлік қызметте озық шыққан жастарды құрметтеудің платформасына айналды.

Президентіміз «Жастар — елдің ең үлкен капиталы, ең қуатты күші» деп үнемі атап өтеді. Сонымен бірге Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Ел болашағы — білімді, ұлтжанды, жауапты ұрпақтың қолында» деген сөзі — барлығымызға бағыт-бағдар. Осы тұжырымдар бізді жас буынды қолдау мен тәрбиелеу ісінде нақты қадамдар жасауға жетелейді.

Өңірімізде жастарды әлеуметтік қолдау бағытында жүзегі әрі ауқымды жұмыс жүргізіліп келе жатыр. Еңбекке енді араласқан жас буынның негізгі әрі ең басты мәселесі тұрғын үй екені белгілі. Осы бағытта 2023

жылдан бері «Ақтөбе жастары» бағдарламасы жүзеге асып, 109 жас баспаналы болды. Кәсіп бастаймын деген жастарға арнайы «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты белгіленіп, 1,300 000 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетіліп отыр. Жасампаз, өнертапқыш жастар үшін бұл — үлкен мүмкіндік. Жұмыспен қамту бағытында «Жасыл ел» жобасы да сәтті жүзеге асырылып, 3308 жас қамтылды.

Қоғамда, әсіресе өскелең ұрпақтың санасында «Адал азамат — адал еңбек — адал табыс» формуласы берік орнығып келеді. Осы мақсатта жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсіби білік, жасампаздық пен жаңашылдық сияқты негізгі жалпыұлттық құндылықтар үйлесім табуы қажет. Өйткені жауапты, өз ісін сүйетін адам ғана шынайы табысқа қол жеткізе алады, — деген облыс әкімі он аталым бойынша сұырылып алға шыққандарға диплом, мүсінше мен гүл шоғын тапсырды. Облыстық жастар ресурстық орталығының шешімімен үздік деп танылғандардың арасында жеке адамдар ғана емес, мемлекеттік мекеме мен ұйымдар бар. Айталық, Шалқар және Байғанин аудандарының жастар ресурстық орталығы

«Үздік жастар ресурстық орталығы» атанса, «Qaharman» қоғамдық бірлестігі «Үздік қоғамдық ұйым» болды.

— Бүгін «Үздік жұмысшы» номинациясын иеленгеніме қуаныштымын. Шахтадағы еңбегім мен қоғамдық өмірдегі белсенділігім ескеріліп отыр деп есептеймін. Бір жағынан, бұл алдағы уақытта да ізденіп, жақсы жұмыс істеуіме жігер береді. Жұмысшы мамандықтары жылында елегеніне рақмет, — дейді Дөң тау-кен байыту комбинатының қызметкері Марғұлан Үмбаев.

Облыс әкімі өз сөзінде ақтөбелік жастардың арасында биылдыққа жетістікке жеткендер аз емесін, мысал ретінде «Dara Bala» ақпараттық жүйесінің авторы Мақсат Бисенов, елімізде алғаш рет адам тектес робот құрастырған Ермек Серікбай, 30-дан астам мобильді қосымша әзірлеген Айболат Құлатай, грек-рим күресінен әлем және Азия чемпионаттарының екі дүркін жеңімпазы Жаңажол Қуанышбекті ерекше атап өтті.

— Сіздер жаңа дәуірдің тың серпіні, еліміздің өсуі мен өркендеуінің шешуші күшсіздер. Алдағы уақытта да табандылықпен еңбектеніп, биік белестерді бағындыра берулеріңізге тілектеспін, — деп лебізін білдірді Асхат Шахаров.

Айбек СЕРІКҰЛЫ.

Спорт

ТАНЫМАЛ ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ СЕМИНАРЫ

Ақтөбе қаласында әлемге әйгілі жаттықтырушы Неван Цегнардың (Хорватия) жетекшілігімен «Үстел теннисінің жаңа дәуірі» атты бірегей оқу-жаттығу семинары өтті.

Неван Цегнар — еуропалық үстел теннисіндегі ең беделді мамандардың бірі. Оның шәкірттері әлем және Еуропа чемпионаттарында 32 медаль жеңіп алған. Олардың қатарында әлемдік рейтингте екінші орынға дейін көтерілген атақты спортшы Тамара Борош, сондай-ақ Парижде өткен әлем чемпионатының қола жүлдегері бар.

Ол әр жылдары Хорватияның ұлттық құрамасын басқарды, сонымен қатар Австриядағы беделді Werner Schlager академиясында әйелдер құрамасының аға жаттықтырушысы болып жұмыс істеді.



Асхат Шахаров спортты дамыту және әлемдік деңгейдегі мамандарды тарту мемлекеттік саясаттың маңызды бөлігі екенін атап өтіп, мұндай бастамалар болашақ чемпиондардың қалыптасуына және өңірдің спорттық имиджін нығайтуға жағдай жасайтынын жеткізді.



Семинар жаттықтырушылардың кәсіби деңгейін арттыруға, жас спортшылардың техникалық және тактикалық дағдысын дамытуға, сондай-ақ еуропалық заманауи дайындық әдістерімен өмірге бағытталған.

Іс-шара аясында облыс әкімі Асхат Шахаров Неван Цегнармен спортты дамыту мәселелерін талқылады, сондай-ақ үстел теннисі бойынша достық ойында бақ сынады.

Өз кезегінде Неван Цегнар балалардың спортқа деген қызығушылығын, сондай-ақ спорттық инфрақұрылымдарға жоғары бағасын берді, алғысын жеткізді.

Айтып өтейік, жаттықтырушымен екіжылдық келісімшартқа қол қойылған. Құжат аясында ол ақтөбелік жас спортшыларды балабақшадан бастап үстел теннисін ойнауға тәрбиелейді.

А.ИЛІЯСҚЫЗЫ.

Қабылқау

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТІЛЕГІ

«Amanat» партиясы облыстық филиалының ғимаратында өңір басшысы Асхат Шахаров тұрғындардың өтініш-тілектерін тыңдады.

Қабылдауға Ақтөбе қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Қуантайұлы, облыстық мәслихат депутаттары, қалалық мәслихат төрағасы Анар Даржанова, сондай-ақ басқарма басшылары да қатысты.

Өңір тұрғындары тұрғын үймен қамту, коммуналдық инфрақұрылым, газдандыру, кәсіпкерлерді қолдау және әлеуметтік салаға қатысты мәселелерді көтерді.

Өтініштердің басым бөлігі тұрғын үй мәселесіне қатысты болды. Асхат Шахаров қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрғын үй кезектен тыс берілмейтінін, баспана коммуналдық жаламалы үйлер салынған және пайдалануға берілген сайын кезек тәртібімен ұсынылатынын әрбір азаматқа түсіндірді.

Қабылдауда Қобда ауданы Ақсай ауылының тұрғыны шаруа қожалығын ашу үшін жер телімін беру туралы өтініш білдірсе, тағы бір ақтөбелік медициналық көмек көрсетуге жәрдемдесуді сұрады. Ал Алға ауданы Болгарка ауылының тұрғындарын ауылышылдық жолдардың жағдайы, мектеп пен балабақшаның жөндеу мәселелері алаңдатады.

Темір ауданы Сарытоғай ауылының тұрғыны ауылды газдандыру мәселесін көтерді.

Сондай-ақ бір ақтөбелік автовокзал маңындағы жылу трассасының жағдайына назар аударуды сұрады. Қабылдау барысында қалалық инфрақұрылымды абаттандыруға қатысты өзге де мәселелер қозғалды.

Барлық өтініш тиісті органдардың қарауына алынды. Олар заң аясында жүзеге асырылатын болады.

Өз тілшіміз.

Көзінгір отын



БИЫЛ ОБЛЫСТА 31 АУЫЛ ГАЗДАНДЫРЫЛДЫ

Облыс әкімі Асхат Шахаровтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде өңірді газдандыру жұмыстарының қорытындысы шығарылды.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының басшысы Арысұлан Айтбаевтың айтуынша, биыл халқы 12,9 мың адам болатын 31 ауыл газдандырылды. Бүгінде облыстағы 319 елді мекеннің 203-іне көгілдір отын тартылған, онда 900,7 мың адам тұрады. Халықты газбен қамту деңгейі — 97 пайыз.

Газдандыру көрсеткіші бойынша Ақтөбе облысы республикада 6-орында тұр. Қазіргі уақытта 24 елді мекенді газдандыруға арналған жалпы құны 14,5 млрд теңгенің 18 жобасы, сондай-ақ 5 ауылды газдандыруға арналған 3 жоба әзірленуде. Сондай-ақ 2026-2028 жылдарға арналған республикалық және облыстық бюджеттерді қалыптастыру үшін жаңа жобалар бойынша қосымша өтінімдер берілді. Бұл ұсыныстар толық қаржыландырылған жағдайда 210 елді мекен немесе 903,7 мың адам газбен қамтылады, бұл —

облыс халқының 97,4 пайызы.

Жиында өңір басшысы үздіксіз жылыту маусымын қамтамасыз ету қажеттігіне де назар аударды. Асхат Шахаров жылыту жүйесі, инженерлік желі және отын қорынын тұрақты жұмысын, әсіресе әлеуметтік нысандарда, көп қабатты тұрғын үйлерде және шалғай ауылдарда қатаң бақылауды күшейтуді тапсырды.

— Газдандыру қарқынын сақтау және барлық жобаның орындалу сапасын қатаң бақылау қажет. Көгілдір отын тартылған елді мекендерде тұрғындардың нақты газға қосылуын қамтамасыз ету керек. 2026-2028 жылдарға арналған жобаларды дайындауға және шалғай ауылдар үшін нақты шешімдер әзірлеуге айрықша көңіл бөлінуге тиіс. Сондай-ақ жылыту маусымын бақылау бойынша жүйелі жұмысты жолға қойып, туындайтын тәуекелдерге дер кезінде әрекет ету қажет. Ауылдарды газдандыру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық бағыты болып қала береді және тұрақты бақылауда болады, — деді облыс әкімі.

Д.ҚАЗИХАН.

Қоғамдық тыңдау

ФУТБОЛ КЛУБЫ ЖЕКЕ ИНВЕСТОРҒА БЕРІЛЕДІ

Кеше облыстық мәслихат-ша коммуналдық мүлкіті жекешелендіру мәселесі бойынша қоғамдық тыңдау өтті.

Жиында алдымен хабарлама жасаған облыстық қаржы басқармасының басшысы Ерік Тұрсынғалиев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында футбол клубтарын жекешелендіру жұмыстарының қарқынын арттыру керекін тапсырғанын, осы орайда облыс әкімдігі тиісті жұмыстар жүргізгенін жеткізді.

— Қазіргі уақытта «Ақтөбе» футбол клубы» акционерлік қоғамының мемлекеттік үлесінің жүз пайызы бағаланды. Тәуелсіз сарапшы жүргізген бағалау нәтижелері бойынша баға 364 352 000 теңге мөлшерінде айқындалды. Футбол клубын жекешелендіруді іске асыру «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға және жекешелендіру объектілерін сату қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Футбол клубын жекешелендіру теңдер әдісімен іске асырылады. Ең жоғары бағаны ұсынған қатысушы жеңімпаз болып танылады. Сауда-саттық «Е-қазына» электрондық мемлекеттік алаңында өткізіледі. Бұл алаңда процеске араласудың ешқандай қаупі жоқ, — деді ол.

Ал облыстық спорт және денешынықтыру басқармасының басшысы Мейрамбек Махамбетовтің айтуынша, қазіргі таңда еліміздегі 4 кәсіби футбол клубы жекеменшікке берілген. Олар:

«Шахтер», «Жеңіс», «Қызыл-жар» және «Қайсар» футбол клубтары.

Футбол клубтарын жекешелендіру — халықаралық тәжірибе. Оның өзіндік артықшылықтары бар. Атап айтсақ, клубтардың мемлекеттік бюджетке тәуелділігі азаяды, жекеменшік инвесторлар демеушілік пен маркетингті дамытады, клубтарды тиімді басқару, табыс табуға ынталандыру, инфрақұрылым мен жастар академияларын дамыту, спортты заманауи бизнес үлгісімен жүргізу жұмыстары жүргізіледі.

— Инвесторға біз мынадай талап қоямыз: қызмет бейінін және қызметкерлердің кемінде үштен екісін сақтауы керек, басқару тиімділігін, қызмет бағытын өзгертпеуге тиіс, «Ақтөбе» футбол клубының негізгі командасын, әйелдер командасын, футбол командасын, балалар академиясы жұмысын одан әрі дамытуы қажет. Бұл бағыттарға биыл бюджеттен 3 530,4 миллион теңге қаржы бөлінді. Ал келер жылға бекітілген жоспар 1 987,4 миллион теңгені құрайды. Осылайша 2026 жылы биылмен салыстырғанда 1,5 миллиард теңге көлемінде қаражат үнемделеді, — деді басқарма басшысы.

Жиында облыстық мәслихат депутаттары басқарма басшыларына өз сауалдарын қойып, ұсыныс-тілектерін жеткізді. Бірауыздан футбол клубын жеке инвесторға беру ұсынысын қолдады.

Д.АЙДАР.